



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕЛОРДА ДІНАРАЛЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ



Қазақстан тағы да дүниежүзін рухани бірлікке, өзара сенімге, бейбітшілікке шақыратын алаңға айналмақ. Яғни, әлемдік діндер мен дәстүрлі конфессия басшыларының басын бір үстел басына қосып, мәдениеттерді және өркениеттерді жақындастырмақ. Дәстүрге айналған бұл алқалы бас қосу 14-15 қыркүйекте еліміздің бас қаласында өтеді.

(Соңы 3-бетте)

КЕЛБЕТ

БОРЫШКЕРДІ ҚАМАҒАННАН АЙЫППҰЛ САЛҒАН ТИІМДІ

«Әкемді іздеймін!» деп шарасыз жағдайда жүрген бала аз емес. Балалар әкесін тек алимент төлемегені үшін іздейді десеңіз қателесесіз. Себебі, әр бала үшін әкесінің қасында болғаны, өркелеткені, демеу болғаны, тіпті, жай ғана қалқайып қасында жүргені маңызды. Әкесі жетектеп балабақшаға апарған, әкесі сөмкесін ұстап мектептен күтіп алған балалардан бақытты ешкім жоқ. Данышпан қазақ «Отыз мектеп жабылып бір өкенің тәрбиесін бере алмайды» дегенді біліп айтқан. Өкінішке орай, ұл-қызына қаржылық көмек көрсету үшін ғана емес, қамқорлық таныту үшін де қажет екенін көп әкелер түсінбейді.

Біздің өндірісімізге түсетін алимент өндіруге қатысты істер ешқашан азайған емес. Қажыған, тарыққан, киналған аналардың шарасыз күйіне қарап, қол қусырып отыра алмайсың. Барлығы бүгінгідей нарықтық заманда отбасының ауыртпалығын бір өзіне атқару қиын екенін алға тартады. Әрине, дәл қазіргідей қымбатшылық алқымнан қысқан заманда толық отбасылардың өзі балаларын барлық қажетті керек-жарақпен қамтамасыз ете алмай отыр. Ал жалғыз әйелдің табысына қараған отбасының қандай күйде өмір сүріп жатқанын айтып жату артық. Мұндайда алимент балалардың барлық мәселесін шешпегенмен, отбасына біршама көмек. Міне

сондықтан да біз алимент өндіруге өте кірпияз қараймыз.

Алимент өндіру жеке сот орындаушылардың тікелей міндеті екені рас. Дегенмен, бала тағдырына бейжай қарамау үшін бұл мәселені шешуге барлық құзырлы орындар біріге атсалысуы керек. Қоғамда борышкер әкелерге жағымсыз пікір қалыптастырып, бала алдындағы парызы өтемеу – жауапсыздық екенін үнемі ескертіп, санаға сіңіру керек. Соған орай, әкімдіктер көпшілік жүретін, көрнекі жерлерге арнайы билбордтар, плакаттар іліп, борышкер әкелерге тікелей әсер етуге тырысқаны жөн. Бала алдында қарызы бар әкелердің атын жасырмай айтып, әшкерелеу де орынды.

Ұрпағының болашағына алаңдамаған азаматтарға бұл лайық жаза.

Ал жеке сот орындаушылар өз тарапынан бірінші кезекте алиментке қатысты сот актісін тезірек орындап, толық емес отбасына қолдан келген көмекті көрсетуге тырысамыз. Не әкенің мейірімін көрмей, не қаржылық қолдауды сезінбей өскен баланы теріс жолға түсіп кетуден сақтау баршамыздың міндетіміз. Өйткені, қатарынан қалғысы келмеген баланың ерте жастан еңбекке араласуы мүмкін. Ақша тауып, анасына көмектескісі келген бала оқуын ақсатады, қатарынан сырт жүреді. Жұмыс, жұмыс деп жүріп кейбір аналардың бала тәрбиесіне уақыт таппайтыны тағы рас. Ал бүгінгідей ақпараттар ашық, қолжетімді кезде балаларды зиянды ақпараттан қорғау тіпті күрделі. Үйінде бақылау болмаған соң елпілдеген жеткіншектің шалыс баспасына, өмірін бүлдірмесіне кім кепіл? Осының өзі алименттің өте үлкен, өзекті мәселе екенін аңғартады.

Алименттерді төлету – бұл қандай да бір негіздер бойынша берешекті ерікті төлеуден бас тартқан адамдардан ақшаны мәжбүрлеп өндіру процесі.

(Соңы 2-бетте)

СҮЙНІШІ

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!

**БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!
ІСКЕ СӨТ!**



КЕЛБЕТ

ТАҒДЫРЫ ҚИЫН ТҰЛҒА

Мырзақадыр Нұрбаевтың есімі өз заманында танымал болғанымен, бүгінгі ұрпақ үшін беймәлім. Олай дейтініміз, мақаламызға өзек еткелі отырған тағдыры күрделі тұлға жайлы деректер жоқтың қасы. Содан болар, Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төрағасы, Қазақ КСР Юстиция Халық Комиссары, Юстиция министрі қызметтерін атқарып, екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Советінің депутаты, бір рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне сайланған, республикамыздың заң саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан Мырзақадыр Нұрбаевтың еңбегі мүлде елеусіз қалды. Осы олқылықтың орнын толтыру, абзал азаматтың есімін мәңгі есте қалдыру, халыққа жеткізу бүгінгі ұрпаққа парыз.

Мырзақадыр Нұрбаев 1909 жылы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданындағы Елтай ауылында туған. Ол 1929 жылы бастауыш мектеп, одан кейін төрт айлық есепшілер курсы бітіреді. Әкесі Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де өзінің азын-аулақ шаруашылығымен айналысқан адам.

(Соңы 5-бетте)

МӘСЕЛЕ

БОРЫШКЕРДІ
ҚАМАҒАННАН АЙЫППҰЛ
САЛҒАН ТИІМДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алименттерді төлету туралы өтінішпен сотқа жүгінуге болады. Бұнда алименттер сотқа жүгінген сәттен бастап тағайындалады, ал өткен кезең үшін алдыңғы 3 жылдан артық емес уақытқа егер осы кезеңге дейін асырауға ақша берілмегені анықталса, талап етіле алады.

Салық кодексінің 616-бабына сәйкес соттарда алименттерді өндіріп алу туралы талаптар бойынша талапкерлер мемлекеттік баж төлеуден босатылады. АПК 140-бабына сәйкес, әкелікті белгілеумен байланысты емес немесе үшінші адамдарды қатыстыру қажеттілігімен, егер кәметке толмағандардың алименттерін төлеу туралы талап қойылса сот бұйрығы шығарылатын болады. Сот бұйрығында борышкердің туған күні және орны, оның жұмыс орны, алимент төлеуі тиіс әр баланың аты және туған күні, борышкерден ай сайын өндірілетін төлемдер мөлшері және оларды өндіру мерзімі көрсетіледі. Сот бұйрығына судья қол қояды, одан кейін ол орындау үшін сот актілерін орындау департаментіне жіберіледі. Бұдан кейін алиментті жалақыдан ұстау ұйым бухгалтерінің (әдетте) басшылығында болады. Алиментті ұстау және аудару үшін негізі мыналар болып табылады: нотариалды расталған келісім, сот бұйрығы немесе атқару парағы. Алименттерді аудару алимент төлеушінің өзге табысынан немесе еңбекақысын алғаннан кейін 3 жұмыс күнінен артық емес мерзімде жүзеге асырылуы тиіс.

Елімізде заң бойынша алимент төлемегені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Десе де, жауапсыз әкелерді темір тордың ар жағына тоғыту өте сирек кездесетін



Камшат БАЛТАБАЕВА,
Талғар ауданы бойынша жеке сот
орындаушы

жағдай, тіпті тәжірибеде кездеспейді деуге де болады. Егер әкелік берешегі жиналып қалса, онда жеке сот орындаушылар жылжитын, жылжымайтын мүлігін алып сатып, қарызды өндіреді. Сондай-ақ, дүние-мүлкіне тыйым салып жатады. Сосын борышкер әкелердің Қазақстан аумағынан шығуына шектеу қояды. Алимент бойынша қарызын өтемегенше, жүргізуші куәлігінің күшін жояды. Мұндай шаралардың бәрі алименттен жалтарып жүрген әкелерге ой салады. Жалпы, тәжірибе көрсеткендей алимент төлемеген әкелік абақтыға қамап қойғаннан гөрі, алиментті уақытында төлеп тұруға түрткі болатын шараларды қабылдау тиімдірек.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

Сөзге тоқтау, бітімге келу қазақтың басты құндылықтарының бірі екенін «Ырыстың шашылмауы ымырашылдықта» деген бабалар сөзінен байқауға болады. Шындығында, дәл қазіргі күні дау-дамайды заң аясында медиация тәртібімен шешу өз тиімділігін көрсетіп жатыр. Әсіресе, әкімшілік процесте мемлекеттік орган немесе оның лауазымды тұлғасымен татуласу мүмкіндіктері азаматтарға да, органдарға да қолайлылығын дәлелдеуде.

«ЫРЫСТЫҢ ШАШЫЛМАУЫ –
ЫМЫРАШЫЛДЫҚТА»

Бұл мәселеде соттар жан-жақты бағыт-бағдар беріп, азаматтарға әкімшілік органдармен дауды алдын ала қарастыру мүмкіндігін түсіндіреді. Мысалы, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте татуласу, медиация, партисипативтік рәсімдермен реттеу туралы келісім жасау арқылы істі толықтай немесе ішінара аяқтау нормасы бекітілген. Ол үшін тараптар сот шешім шығаруға кеткенге дейін аталған рәсімдердің өздеріне тиімдісін таңдайды. Бұған қоса жауапкерлер әкімшілік қалауымен де татуласуға болады. Ортақ мәмілеге келу келісімдерінің қай түрі болсын жазбаша жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды.

Дауды реттеу туралы медиациялық келісім сот процесі барысында да, соттан тыс тәртіпте де жүзеге асырылады. Айта кетерлігі, дауды өзара келісіммен реттеу келісімдерінде мәжбүрлеу тәртібімен орындату, татуласу шарттары мен сот шығыстары, сондай-ақ, өкілдер қызметіне төленетін ақы, т.б. нақты көрсетіледі. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен айқындалғандай, дауды медиация, татуласу, сондай-ақ, партисипативтік рәсімдер аясында реттеу келісімін бекіту туралы өтінішхат процесс барысында немесе алдын ала тыңдалып, қаралады. Нәтижесінде келісімді бекіту немесе одан бас тарту туралы ұйғарым шығарылады. Татуласу, медиация, партисипативтік рәсім тәртібімен жасалған келісім шарттар заңға қайшы келмеуі, сондай-ақ, басқа адамдардың құқықта-



Нурбол СЕЙІЛОВ,
Алматы қаласы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

ры мен бостандықтарын, заңды мүдделерін бұзбауы тиіс. Бұлай болған жағдайда сот оны бекітпейді.

Дауды өзара келісіммен бітіру мақсатында судья тараптарға процестің барлық кезеңінде көмек береді. Дауласушылар дауды реттеу туралы келісімге келе алмаса істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Медиацияны жүргізу тәртібі бойынша бірінші сатыдағы сотта іс басқа судьяға беріледі. Тараптардың өтінішхатымен медиацияны әкімшілік іс өзінің іс жүргізуінде болған судья-

ның жүргізуіне де құзыры бар. Ал, апелляциялық сатыда медиацияны алқалы құрамдағы судьяның бірі жүргізеді. Кассациялық сатыға тараптар дау-жанжалды медиативті келісім жасасу арқылы реттеу туралы өтінішхатты да ұсынады. Медиация туралы келісімнің шарттары талқыланғанда хаттама жасалмайды. Дауды реттеуге

ықпал ететін адамдарды сот медиацияға шақырады.

Тараптарды келісімге келтіру үшін татуластыру рәсімдерінің заңмен бекітілген нормаларын түсіндіру қашан да маңызды. Өйткені, әкімшілік әділет институтының жандануы әкімшілік істердің нәтижелерімен бағаланады.

Судья өзінің процессуалдық құқықтарын теріс пайдаланатындар мен сотқа құрмет танытпайтындарға, сонымен бірге, сот шешімдерін, ұйғарымдарын орындамайтындарға, т.б. жауапкерлерге ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Әлбетте, ақшалай өндіріп алуды төлеуден босату немесе оның мөлшерін азайту туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге болады. Ақшалай өндіріп алу қолданылған кезде сот ұйғарымының орындалуын кейінге қалдыру немесе екі айға дейінгі мерзімге бөліп төлеу мүмкіндігі заңмен қарастырылған.

Медиация республика заңдарына және аталған кодексте белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі. Татуластыру шараларын қолдану ешкімнің де сотқа бару құқығына шектеу қоймайды. Мемлекеттік бажды төлемесе де, заңды акт мен іс-әрекет, әрекетсіздікке шағымдана алады. Заңның жұмыс істеуі оның мүмкіндіктерін жұртшылыққа түсіндіре білумен тығыз байланысты. Билер институтының алтын қазығы татуластыру рәсімдерінің артықшылықтарын халыққа жеткізе білсек, азаматтар өзара келісімге келуден бас тартпайды. Мұны сот тәжірибесі көрсетуде.

ПӘРМЕН

21 МЛРД ТЕҢГЕ
МЕМЛЕКЕТКЕ
ҚАЙТАРЫЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ағымдағы жылдың басында прокуратура органдары кеден саласында тексеру жүргізді. Тексеру сыртқы экономикалық қызметтің (бұдан әрі – СЭҚ) жеке келеген қатысушылары Қытай Халық Республикасынан тауарларды әкелу нарығын монополияландырып алғанын көрсетті. Олардың әрқайсысы белгілі бір тауарларға (аяқ киім, киім, қосалқы бөлшектер, техника, жемістер, көкөністер және т.б.) маманданып, елдің нақты аймақтарын өзарасында бөлген.

Кедендік төлемдерді төлеуден жалтару үшін импорттаушылар тобы 2019–2021 жылдары Қазақстан Республикасындағы Кедендік реттеу туралы кодекстің талаптарын бұза отырып, әкелінетін тауарлардың құнын жүйелі түрде төмендетіп отырған.

Бас прокуратураның ұсынуы бойынша Мемлекеттік кірістер комитеті 10 компанияға 107 млрд теңге сомаға кедендік төлемдер мен салықтарды қосымша есептеу туралы хабарлама берді. Сонымен қатар, анықталған бұзушылықтар бойынша Қылмыстық кодекстің 236-бабы – кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден жалтару бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Бүгінгі таңда СЭҚ-тың 7 қатысушысына («Tex Alliance», «Almobi Group», «Express Кеден Сервис», «Group of the companies TDA», «Ai-To Progress», «Global Logistics Ved» және «TL NIKA кеден» ЖШС) қатысты қабылданған шаралардың нәтижесінде бюджетке 21 млрд теңге қайтарылды.

Қалған сомаларды өндіріп алу, оның ішінде аталған компаниялардың кепілдік мүлкі есебі арқылы жалғасуда.

Бас прокуратураның баспасөз қызметі

ПАЙЫМ

СОТ ҚЫЗМЕТКЕРІНЕ
БІЛІМДІ БОЛУ АЗ

1991 жылы мемлекетіміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін басталған саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде елімізде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізілді.

Егеменді елдің сот саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды. Сол уақыттан басталған реформа кезең-кезеңімен заң ережелер, бағдарламалар, халықаралық тәжірибе және сарапшылардың талқылауымен жетілдіріліп келеді.

Ата Заңымызда мемлекет өміріне қатысты барлық маңызды бағыттармен қатар сот жүйесінің базалық қағидаттары да көрсетілген. Бұл қағидаттардың басым көпшілігі күнделікті жұмысқа, сот жүйесінің құқық қорғау сипаты: азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот тәртібі арқылы қамтамасыз ету, олардың әрқайсысын соттың қорғайтынына кепілдік беру, айыпталушының кінәсіздік презумпциясы, жәбірленушінің қылмыстан, билікті асыра пайдалану принциптерінен қорғау және басқа да бірқатар қағидаттармен байланысты болады. Бүгінгі Қазақстанның сот жүйесі әлемнің ең озық мемлекеттерінің халықаралық деңгейде танылған стандарттарына сүйенеді. Сот жұмысының сапасы, оның әділдігі мен ашықтығы, азаматтарға тез әрі сапалы қызмет көрсету – кез келген мемлекеттің демократиялық дамуының басты факторы. Сондықтан сот жүйесін модернизациялау мен заманауи тетіктерді пайдалану оның барлық деңгейінде өзекті болып қала береді.

Сот қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері арнайы нұсқаулықта көрсетілген. Соған сәйкес, сот қызметкерлері республика азаматтарына Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңдарында кепілден-

дірілген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады; лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті ақпараттық материалдарды белгіленген тәртіппен алады; атқарып отырған қызметіне сәйкес тапсырмалардың және қызметтік өкілеттіктер көлемінің дәл белгіленуін талап етеді; басшылар, өзге де лауазымды адамдар мен азаматтар тарапынан жеке басының қадір-қасиетін құрметтеуді, өзіне әділ әрі құрметпен қарауды талап ете алады; атқарып отырған қызметіне, жұмыс сапасына, тәжірибесіне қарай және заңдармен белгіленген өзге де негіздерге байланысты ынталандырылуын және еңбегіне ақы төленуін талап етеді; тиісті бюджет есебінен қайта даярлықтан өтеді (қайтадан біліктілігін арттырады). Сонымен бірге, өзінің мемлекеттік қызметте болуына қатысты материалдармен кедергісіз танысады, қажет болған жағдайларда жеке өзі түсініктемелер береді; білік-

тілігі мен қабілеті, өзінің қызметтік міндеттерін адал орындауы ескеріле отырып қызметі бойынша жоғарылай алады. Бұған қоса, мемлекеттік қызметкер өзінің пікірі бойынша негізсіз кінә тағылған кезде қызметтік тексеру жүргізуді талап етеді; еңбегінің, денсаулығының қорғалуын, жоғары өнімді жұмыс істеуі үшін қауіпсіз әрі қажетті жағдайлар жасалуын талап етеді; әлеуметтік және құқықтық жағынан қорғалады. Сәйкесінше кез келген қолжетімді ақпараттық банктерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланады; Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Сот қызметкерінің жұмысы сырт көзге қарапайым әрі оңай болып көрінуі мүмкін. Бір қарағанда, сот қызметкерлері тараптардың жауаптарын қағазға түсіріп, іс құжаттарын реттеп, тіркеп отыратын жәй ғана маман сияқты. Алайда, сотқа қаралатын кез келген істің өзіндік қиындықтары мен дайындау сатылары болады. Сот қызметкерінің жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызығы мен қиындығы қатар жүретін мамандық иесі.

Айнұр САРИЕВА,
Жаңаөзен қалалық сотының
бас маманы-сот отырысының
хатшысы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

ЕЛОРДА ДІНАРАЛЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жетінші рет шақырылып отырған съездің ең басты қонағы – Рим папасы. Жалпы, халықаралық жиынға 50-ден аса елден 100-ден астам делегация келетіні белгілі болып отыр. Олардың қатарында Әл-Азһардың Жоғарғы имамы шейх Ахмад ат-Тайеб және басқа да ірі діндердің көшбасшылары бар. Форум жұмысына рухани лидерлермен бірге БҰҰ, ЕҚЫҰ, ИСЕСКО, ИБҰ, ТҮРКСОЙ, Дүниежүзілік ислам лигасы және басқа да халықаралық ұйымдардың басшылары қатысады. Бүгінде әлемдік деңгейдегі бұл шара дүниенің төрт бұрышындағы бұқаралық ақпарат құралдарының қызығушылығын тудырып отыр. Оған қатысып, ақпарат тарату үшін 200-ден астам шетелдік және 300-ден астам қазақстандық БАҚ өкілі тіркеліпті.

Естеріңізге сала кетсек, діндер мен мәдениеттердің өзара ұнқатып, ортақ мәмілеге келуі арқылы, әлемде бейбітшіліктің нығаюын көздейтін бұл жиынды Қазақстанда өткізу жайлы бастама 2003 жылы 13 ақпанда діндер, мәдениеттер мен өркениеттерді жақындастыруда маңызды рөл атқарған Халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясында көтерілген болатын. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алғашқы съезі әлемдегі өкілдерін бір үстел басына жинаумен бірге-гей оқиғаға айналды. Бұл бас қосуда діни лидерлер болашақтағы өзара сенімге құрылған үйлесімді әлемнің негізі ретінде қоғамдардағы келісім мен тұрақтылықты орнатуға қызмет ететін бірлескен іс-әрекеттер туралы декларация қабылдады. Дінаралық форумды тұрақты негізде – үш жылда бір рет өткізу, халықаралық және конфессияаралық диалогтың тұрақты органы – Съез Хатшылығын құру туралы ортақ мәмілеге келді. Осы шараға арнап Қазақстанда – Бейбітшілік және келісім сарайы салынды. Содан бері арада өткен 20 жыл ішінде 6 съезд шақырылды. Олардың аясында көтеріліп, өз жүйесін тапқан салмағы атан түйеге жүк боларлық шаруалар аз емес. «Діни сенім бостандығы және басқа діндерді ұстанушыларға құрмет», «Халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы дін көшбасшыларының ролі», «Толеранттылық, өзара құрмет пен ынтымақтастық әлемін құрудағы діни көшбасшылардың ролі», «Бейбітшілік пен келісім – адамзат таңдауы», «Діни көшбасшылар мен саясаткерлердің бейбітшілік пен даму жолындағы диалогы», «Діни көшбасшылар қауіпсіз әлем үшін» деген тақырыптар төңірегінде пікір алмасып, бұл тұрғыдағы мәміленің, рухани бірліктің, түсіністіктің құндылығын әлем қауымдастығына жеткізді. Осы терең де сындарлы сұхбаттардың нәтижесінде бейбітшілікті, келісім және төзімділікті адам өмірі сүруінің қайтпас қағидаттары ретінде бекіту, діндер, конфессиялар, ұлттар мен этностар арасында өзара құрмет пен төзімділікке қол жеткізу, адамдардың діни сезімдерін қақтығыстар мен әскери әрекеттерді өршіту мақсатында пайдалануға қарсы тұрудың тетіктері айқындалып, іске қосылды. «Дінаралық диалогтың қағидаттары» әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының жаһандық тәртіпті орнатудағы ролі мен миссиясын күшейтуге бағытталған қорытынды құжат қабылданды.

Барлық конфессиялар мен этностардың өкілдерін мәдени және діни айырмашылықтарға негізделген қақтығыстардың алдын алуға шақыратын бірлескен декларация да осы бас қосулардың жемісі. Сол секілді G-Global біріншілік элек-

тронды порталы аясында жаһандық төзімділік пен сенімді қалыптастыру мен нығайтуға арналған интернет-ресурстың құрылуы да әлемдік қауымдастықтың сол алаңнан тапқан олжасы.

Дін лидерлерінің биыл өтетін кезекті съезі де жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты ортақ күш-жігерді біріктіруге деген ұмтылыстан туындап отыр. Бұл орайда Қазақстанның ынтымақ айрықша атап өту керек. Әлемдік қоғамдастықтың да форумға деген қызығушылығы бар. Әлем тұрақсыз. Қарулы қақтығыстар да, ақпараттық, идеологиялық негізі бар «гибридті соғыстар» да орын алуда. Осындай кезеңде кез келген деңгейдегі басқосуларды, кездесулерді өткізу оңай шаруа емес. Сондықтан бұл біздің елімізге деген үлкен сенімнің белгісі деп айтуға болады. Жуырда осы шараға орай Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының төрағасы, Съезд хатшылығының меңгерушісі Мәулен Әшімбаевты қабылдаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жағдайда жаһандық диалог мәдениетін ілгерілету қажеттігін және Қазақстанның осы үдеріске қатысуының маңызды екенін, діндер съезінің бұл тұрғыда ықпалды қадам болатынын айтқан еді.

Өзінің жуырда журналистерге берген арнайы сұхбатында Мәулен Сағатханұлы осы шараның маңызына, ондағы көтерілетін мәселенің өзектілігі жайлы егжей-тегжейлі айтты. Съезд хатшылығының сол әңгімесінен түйгеніміз, осы жылдар ішінде сыртқы сын-қатерлерге бірлесіп жауап іздеу және әлемдік діндер арасында өзара іс-қимыл үрдісі кеңінен байқалып отыр. Сонымен қатар, соңғы жылдары рухани көшбасшылар ымыралы шешімдер мен ынтымақтастықтың ортақ платформасын іздеудің үлгісін көрсетті. Осы ретте форум мәдениеттер мен өркениеттер арасында көпін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл Қазақстанның негізгі тарихи миссияларының бірі.

Біздің халқымыз ежелден ашықтық, бейбітшілікке төзімділік қағидаларын ұстанған. Біз әрқашан басқа діндерге құрметпен қарап келеміз. Ашықтық және толеранттылық мәдениеті белгілі бір дәрежеде біздің тарихымыздың, географиямыздың және шексіз даламыздың көрінісіндей. Дәл осындай құндылықтар біздің ұлттық кодымыздың маңызды бөлігін құрайды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан этникааралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісін қалыптастырды. Ол уақыт сынынан өтіп, өзінің тұрақтылығы мен келешегі зор екенін көрсете алды.

Жалпы, VII съезд дін лидерлерінің қатысуы тұрғысынан мәртебесі жоғары болмақ. Рим Папасы секілді ірі діни қайраткерлердің елімізге келуі – Қазақстан татулық пен тұрақтылықты, толеранттылықты қолдайтын ел деген көзқарасты бекемдей түседі. Сонымен қатар инвестициялық, туристік тар-тымдылықты арттыратыны анық. Көпшілікке белгілі, Еуропаның көптеген мемлекетінде католицизм негізгі дін. Олардың қатарында Франция, Италия, Испания, Австрия, Бельгия және тағы да басқа көптеген елдер бар. Осындай елдердің Қазақстанға назарын аудару инвестициялық тұрғыдан маңызды екені сөзсіз.

Сонымен қатар, Рим Папасының сапары туралы ақпарат тарату үшін көптеген шетелдік журналистер келеді. Қазақстанда Рим Папасы көпшілікке арналған месса өткізеді. Оған бүкіл Орталық Азиядан он мыңға жуық адам қатысады

деп күтілуде. Мұның бәрі отандық туризм үшін өзіндік серпін беретіні анық.

Съезд – Қазақстанның халықаралық имиджін жақсарту бастамасы. Шынын айту керек, «қаңтар оқиғасы» еліміздің имиджіне кері әсерін тигізді. Еліміз қосалқы санкцияларға ілініп кетуі мүмкін деген қауіптер де жиі айтылып жүргені белгілі. Осындай қиын кезеңде біз халықаралық беделіміз туралы шындап ойлануымыз керек. Міне, сол үшін діндер съезі үлкен мүмкіндік. Осы арқылы Қазақстан соғыссыз, бейбіт, татулыққа негізделген әлемді қолдайтынын анық көрсете алады.

Мәулен Сағатханұлы назар аударған тағы бір мәселе съезд Ислам дінін терроризммен байланыстыру әрекетін айыптайды. Съезд Ислам дінін қорғайтын негізгі халықаралық алаңдардың біріне айналды десек қателеспейміз. Көпшілікке белгілі, әлемде асыл дінімізді терроризммен байланыстыру әрекеті тоқтаған емес. Аталған шара қолға алынғалы бері жиында қатысушылар дін атын жамылып жасалатын экстремизм мен терроризм әрекеттерін айыптап келеді. Барлық дін лидерлері бұл мәселеде бірлесіп әрекет ету туралы келісімге келіп, жүйелі жұмыстар жүргізуде. Сондықтан бұл – мұсылман әлемі үшін, халқының дені мұсылман еліміз үшін аса қажет алаң.

Сондай-ақ, съезд – рухани және моральдық тәрбиені насихаттап келе жатқан берігей алаң. Осы мәселе үнемі айтылып жүргенімен, оған жоғары деңгейде жүйелі назар аударылып жатқан жоқ. Съезд сол олқылықтың орнын толтырып келеді. Пандемиядан кейін рухани болмыстың маңыздылығы қайтадан назарға алына бастады. Съезд әрдайым қоғамның моральдық рухани негіздерін нығайту бойынша маңызды ұсыныстар беріп келеді. Дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қайта құру мәселелері төңірегінде де пікір алмасулар болғаны белгілі. Бұл мәселелер биылғы съезде де көтерілуде. Рухани, моральдық құндылықтар құлдыраған заманда мұндай талқылаулар бізге өте қажет.

Бұдан басқа, жетінші съезд кезінде әлемнің көптеген елдері мен әлеуметтік топтар үшін өзекті мәселелер көтеріледі. Атап айтқанда, радикализмді, сенімсіздікті, ксенофобияны еңсеру жолында білім беру мен діни ағартуды дамытуға, әр діннің бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді қозғайтын секциялық отырыстар болады. Секциялық отырыста әйелдердің отбасы мен қоғамдағы мәртебесін нығайтудағы қазіргі діни ұйымдардың ролі туралы мәселе де сөз болады. Сондықтан бұл съезден әлемдік қоғамдастық, әлемдік БАҚ үлкен үміт күтіп отыр.

Осы алқалы бас қосуда қабылданатын қорытынды құжат – VII съезд декларациясы съезд жұмысының нәтижесі болмақ. Онда әлемдік діндер лидерлері неғұрлым көкейтесті әлемдік проблемаларды шешудің маңыздылығы туралы өз пікірлерін білдіреді. Олардың ішінде геосаяси шиеленістер мен қақтығыстарға байланысты түйткілдер, әлеуметтік проблемалар және басқа да мәселелер бар. Декларация БҰҰ-ның ресми құжаты ретінде таратылады.

Осылайша, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі өркениетаралық диалогты қамтамасыз етуге және бейбітшілікті, елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға маңызды үлес қосады. Сондай-ақ, жалпы әлемдік проблемаларды еңсеруге жол ашады.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Мемлекет басшысы биылғы жолдауында білім беру жүйесінің ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқаратынын, ал орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты екенін айтты. Сондай-ақ, әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс екенін, сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынғанын хабарлады.



ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫҢ САНЫ ЕМЕС, САПАСЫ МАҢЫЗДЫ

Бұған дейін барлық білім беру деңгейлерінде білім сапасын арттыру мақсатында 2021–2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы қабылданған болатын. Ол жүзеге асқанда 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиелеумен қамту – 100%, педагог жалақысының экономика бойынша орташа айлық жалақыға арақатынасы 102,9% құрауы тиіс еді. Ал оған қажетті қаражаттың көлемі 1 970 535 267 мың теңге деп белгіленіп, оның 168,2 млн-ы 2021 жылы, 227,4 млн-ы 2022 жылы, 410,1 млн-ы 2023 жылы, 557,8 млн-ы 2024 жылы, 606,8 млн-ы 2025 жылы бөлінуі тиіс болатын.

Президент бұл жолы «мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек» деді. Алайда, бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды. Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн. Өзі ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондықтан, балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет.

«... Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепке оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдер үшін басты міндеттің бірі болуы керек. Жемқорлар сотталғанда, олардың заңсыз тапқан қаржысы мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалып отыр. Үкімет осы бастаманы заң тұрғысынан рәсімдеу туралы шешім қабылдауы керек» деген кезде оған біреу үмітпен, біреу күдікпен қарады. Өйткені, балабақша тапшылығын жойып, ұшауысымды мектеп мәселесін шешу Мемлекет басшысының жолдауларында жыл сайын қозғалып, үкіметке түрлі тапсырмалар беріледі. Алайда оның нәтижесі ешкімді қанағаттандырып отырған жоқ. Мәселен, Қ.Тоқаев 2019 жылғы алғашқы жолдауын түйіндеген кезде елді реформалаудың жаңа кезеңіне қадам басқандымызды, енді осы маңызды міндеттерді сапалы орындауымыз керектігін, еліміздің әрбір тұрғыны оң өзгерісті сезінуі тиістігін және өзінің мемлекеттік органдардан жұмысты жедел атқарып, нақты нәтижеге қол жеткізуді талап ететінін сөйлеген.

«Реформаны тек реформа үшін жүргізуге жол берілмейді. Әрбір министрде және әкімде нәтижелі жұмыстың негізгі көрсеткіштерінің тізімі болуы тиіс. Сол арқылы олардың нақты мақсатқа қол жеткізу деңгейі анықталады. Үкімет мүшелеріне, мемлекеттік органдар мен өңірлердің, мемлекеттік компаниялардың және мекемелердің басшыларына тиісті реформаның жүзеге асырылуы үшін дербес жауапкершілік жүктеледі» деген онда Қасым-Жомарт Кемелұлы.

2020 жылғы жолдауында «тікелей Президентке бағынышты болатын Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігін құру туралы шешім қабылдадым. Агенттік ұсынған реформалар нақты, іске асатын және ең бастысы, барлық мемлекеттік органдар үшін орындауға міндетті болуға тиіс. Реформалар жөніндегі жоғары президенттік кеңес құрылады. Бұл кеңестің шешімдері түпкілікті болады. Тез өзгеріп жатқан ахуалға шынайы баға беру үшін Статистика комитеті Агенттік құрамына беріледі. Дәстүрге сай, мемлекеттік жоспарлау жүйесінде жоспарлау, орындау және бағалау қызметін негізінен мемлекеттік аппарат атқарады.

Бұл – дұрыс емес. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі адам ресурстарын барынша жұмылдыруға тиіс, яғни жеке сектор мен қоғам өкілдерін толыққанды серіктестер ретінде жұмыстың барлық кезеңіне – жоспарлауға, орындауға және бағалауға тартуы керек. Сан алуан көрсеткіштер мен индикаторлардан тұратын мемлекеттік бағдарламалар әзірлеуді тоқтату қажет. Барша азаматқа түсінікті, қысқа әрі ұсқа ұлттық жобалар форматына көшкен жөн. Негізгі мақсат – жұмыстың барысы емес, нәтижесі болуға тиіс» деген Президенттің сөзі қаншалықты жүзеге асып жатқанын бүгінде ешкім білмейді.

– 2025 жылға қарай 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен 100 пайыз қамтамасыз етуді міндеттеймін. Бұл түйткіл мемлекеттік балабақша салумен ғана шешілмейді. Осы іске жеке бизнесті тартып, қолдаудың жаңа түрлерін, соның ішінде қаржыландырудың ваучерлік тәсілін ойластыру қажет. Ата-аналар кез келген балабақшаны немесе мектепті таңдап, мемлекет берген ваучермен төлем жасай алады. Мамандардың негіздеуінше, мемлекеттің тек дарынды оқушыларды қолдауы балалар арасында әлеуметтік ара-жікті ұлғайту мүмкін. Бұған жол беруге болмайды. Осыған орай, мемлекет қарапайым мектептерге қолдау көрсетеді. Сонымен бірге бұл қадам қала мен ауыл арасындағы білім беру саласындағы алшақтықты қысқартуға жол ашады. Азаматтардың сауаттылығы мен цифрлы біліктілігін арттыру мақсатында Үкіметке Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын. Бұл құжатта бейресми білім беруінің баламалы нұсқаларын көптеп енгізу, өз бетінше оқу нәтижелерін мойындау, кәсіби дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажет. ... Бұқаралық спортқа, дене тәрбиесінде балаларға басымдық беру керек. Әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажет. «Балалар үйірмесі» қызметін қайта қалпына келтірген жөн. Онда жастармыздың колөнердің және шығармашылықтың бастапқы негіздерімен танысар еді.

– Балалар үшін қатерлі бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда олардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды. Балалар – мемлекетіміздің болашағы! Әкімдердің жұмысын осы өлшем бойынша да бағалаймыз, – деген Президент 2020 жылдың қыркүйегі мен 2021 жылдың қыркүйегіндегі «Орта білім беру жүйесіндегі өткір мәселелердің бірі – мектептердегі орын тапшылығы. 225 мың оқушыға орын жетіспейді. Шұғыл шара қабылдасақ, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді. Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынымын. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін. Мектептерді бюджет қаржысына салумен қатар, осы өзекті мәселені шешуге жеке секторды да тартқан жөн. Толық білім беретін ауыл мектептерін оқушы санына қарай қаржыландыруға біртіндеп көше бастауымыз керек. Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде тандай білуі керек. Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, осы мақсатты міндетті шешумен айналысуы керек. Біз «Тегін техникалық және кәсіби білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз» деген сөздерін салыстырған адам мәселенің шешілуінің орнына, одан ары күрделене түскенін аңғарары анық. Енді бұл жағдай биыл тағы қайталануы отыр. Мәселе айқын, ал оны шешу жолы әралуан. Бұл жолы да айтылған сөз, айтылған жерде қалып қоймайтынына ешкім кепіл бола алмайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СҰХБАТ

– Бұдан бес жыл бұрынғы жағдайға қарағанда сот актілерінің сапасы анағұрлым артқаны рас. Бұл тұрғыда қолға алынған істер мен оларды жедел әрі тиянақты түрде жүзеге асыруға ықпал еткен шараларды айта отырсаңыз?

– Сөзіңізге толықтай қосыламын. Осы соңғы бес жылда тек сот актілерінің сапасы ғана емес, жалпы сот отырысын өткізу сапасы да едәуір көтерілді. Мұндай жетістікке жетуге Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановтың осы қызметке келген алғашқы күннен бастап судьялар қауымдастығына жолдаған үндеуі ықпал етті дер едім. Ол кісі сот жүйесіне жаңа леп әкелді, жаңа сын көзқараспен келді, «нендей жұмыстар атқарып жатырмыз, не үшін?», «сот жүйесіне ауыз толтырып, мақтанышпен айтарлықтай не бердім, тағы не бере аламын?», «ендігі бағыт-бағдарымыз қандай?» деген сияқты судьяларды күнделікті күйбің тіршіліктен бір сәт бас көтертіп, ойландыратын сұрақтар қойды.

Бұған қоса «судья қызметінде маңызды нәрсе технология немесе ноу-хау емес, адам екеніне» баса назар аударып, «сот ғимаратына кіргенде, сот процесін ұйымдастырғанда, сот актісін әзірлегенде, адамдармен сөйлескенде, осының бәрине сотқа келушілердің көзімен зер сала қарап, оларға ғимарат қолайлы ма, сот процесі мен актісі түсінікті ме, судья адамдармен жылы сөйлесе ала ма?» деген сияқты судьялардың санасын сілкіндіретіндей мәселелерді көтерді.

Ең бастысы, сұрақ қоюмен шектелмей, соттың мінсіз қызмет атқаруына бағытталған жаңа менеджменттік әдістерге негізделген бағдарлама жариялап, оны негізгі үш топқа бөлді. Атап айтқанда, а) «Сот жүйесінің жеті түйіні»; ә) «2018 жылғы шұғыл жеңістер»; б) «Сот жүйесін дамыту тұжырымдамасы».

– Судьялардың қызметін бағалау комиссиясының мүшесі болып сайландыңыз. Комиссия жұмысына толығырақ тоқталсаңыз.

– Рақмет. Бұл мен үшін шынында да аса жауапты қызмет. Өйткені, әріптестеріміздің қызметін бағалау, тіпті, олардың судья ретіндегі тағдырын шешу, яғни, кәсіби білім-білік деңгейінің төмендігі анықталған жағдайда судьяны қызметтен босату туралы шешім қабылдау оңай емес. Судьяның кәсіби қызметін бағалауды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанында құрылатын сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия жүзеге асырады. Комиссияның жеті мүшесі бар, олардың үшеуі – облыстық соттардың, үшеуі – Жоғарғы Соттың судьялары және біреуі отставкадағы судья. Олар Жоғарғы Соттың пленарлық мәжілісінде дауыс беру арқылы сайланады. Комиссия өз қызметін «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 26 маусымдағы жарлығымен бекітілген осы комиссия туралы Ереженің және комиссия Регламентінің негізінде жүргізеді.

– Судьяның білім-білігі мен кәсіби шеберлігі ол шығарған сот актілерінің бұзылу немесе өзгертілу деңгейімен бағалана ма әлде оның өзіндік бір өлшемдері бар ма?

– Жаңа аталған Конституциялық заңға сәйкес судьяның кәсіби қызметін бағалау кезінде оның кәсіби білім



Мариям ҚАРАБАЕВА,

Алматы қалалық сотының судьясы, ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның мүшесі;

«ҚОҒАМДЫ АБСОЛЮТТІ БАҚЫТҚА ЖЕТКІЗЕТІН БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – ӘДІЛДІК»

деңгейі мен оны іс жүзінде дұрыс қолдана білудің негізгі көрсеткіші ретінде сот төрелігі сапасының көрсеткіштері, яғни, күші жойылған немесе өзгертілген сот актілері міндетті түрде ескеріледі. Сонымен қатар, баға объективті болу үшін автоматты түрде кездейсоқ таңдалып алынған бірнеше сот актісі мен сот мәжілісінің бейне және дыбыс жазбалары сарапталыды. Соңғылары арқылы судьяның іскерлік және адамгершілік қасиеттерімен бірге, оның Конституциялық заң мен Судья әдеби кодексіне көрсетілген сот төрелігін іске асыру барысындағы мінез-құлқы да бағаланады. Осындай бағалау көрсеткіштері балл, яғни, ұпайлармен есептеледі. Жоғары балл алған әріптестерге басы артық сұрақ, тексеріс болмайды. Ал кәсіби білігі бойынша ең төменгі көрсеткіш 8,97 ұпай алған судьялар мамандығы бойынша кейс есебін шығару немесе белгілі бір тақырыпта ессе жазу сияқты қосымша сынақтардан өтеді. Қосымша сынақтан тиісті ұпай жинаған судья басқа (мамандығы және жүктемесі бойынша жеңілдеу) сотқа ауыстырылуы мүмкін, ал қосымша сынақ бойынша да төмен көрсеткіш жинаған судья комиссия ұсынысы бойынша қызметтен босатылады.

– Өткен жылдардың нәтижелері қандай, статистика не дейді?

– 2019–2021 жылдар аралығында жалпы Республика бойынша барлығы 1 238 судья кезекті бағалаудан өткізіліп, оның 1 156-сы өз қызметіне лайық деп танылса, 63-і жүктемесі төмен соттарға ауыстырылған, ал 19 судья қызметтен босатылған. Биыл барлығы 513 судья кезекті бағалаудан өткізіледі, оның 13-і

Жоғарғы Сот судьялары, 160-ы облыстық соттардың, ал 340-ы аудандық соттардың судьялары.

– Қазіргі қазылардың басым көпшілігіне қандай кемшілік тән, олар жұрт сенімін ақтау үшін не іскерулері тиіс?

– Жалпы, бүгінгі судьялар корпусының кәсіби білім-білігі жоғары деңгейде тұсы бар. Атап айтсақ, судьяның риторика, яғни, көсемсөз бен шешенсөз өнерінің қарапайым қағидағары менгеруі мен оны сот қызметінде пайдалана білуі. Бұл тұрғыда риторика деген не және оны процестік заң ережелерімен «маталып тасталған» сот ісін жүргізуде қаншалықты дәрежеде пайдалана аламыз деген сұрақ туады. Осыған жауап іздеп көрейік.

Адамзаттың екінші Ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың «Риторика» туралы пәлсапалық трактатында «Риторика дегеніміз силлогистік өнер және оның мақсаты – көз жеткізу болмақ. Яғни, тыңдаушының жанына, жүрегіне қандай да бір нәрсеге көз жеткізушілікті қалыптастыратын құбылыс» дейді. Ал көз жеткізушілік риторикалық амалдар арқылы орындалады екен. Өз кезегінде көз жеткізушілік қандай да бір нәрсе туралы пікір болып қалыптаспақ дейді.

Сонымен, әл-Фарабише айтқанда, риторика өнерінің мақсаты тыңдаушының тек терең танымына ғана емес, ең бастысы оның жан-жүрегіне, сезіміне әсер ету арқылы қандай да бір ақиқатқа көзін жеткізу, ал түпкі мақсаты сол көз жеткізу арқылы пікір қалыптастыру екен.

Аталған трактатында әл-Фараби бабамыз сөйлеушінің сыртқы келбетін,

бет-әлпетінің жалпы көрінісін, тіпті, оның дене бөліктерінің жай-күйі мен қимыл-қозғалысын, үні мен дауыс ырғағына дейін тыңдаушының сезіміне әсер ететін риторика өнерінің құралы деп таныған.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атамыз риторика өнерін – Көсемсөз, ораторлық өнерді – Шешенсөз деп, көсем сөз – жазбаша айтылатын, әлеуметті тәрбиелеуге бағытталған сөз, шешен сөз – ауызша айтылған сөз өнері, мәдениеті деп жіктеп беріпті.

Судья дауға төрелік айтушы адам ретінде процесс жүргізу барысында сөз саптау, адамды тыңдау, тіпті, үні мен дауыс ырғағы арқылы да Шешендік шеберлігін, ал жазылған сот актісі арқылы өзінің кәсіби білігін, логикалық ойлау, талдау мәдениетін, яғни, Көсем сөз шеберлігін көрсетеді. Бұдан басқа судьяның сырт келбетінің өзі дауласушы жақтардың процесс барысындағы мінез-құлық, іс-әрекетіне әсер етері анық. Ал ең бастысы көпшілікке сот, мемлекет билігі туралы пікір қалыптастырады.

Ақиқат, әділдік орнатудың соңғы инстанциясы ретінде сотқа жүгінген әрбір адамның сот туралы жеке пікірі көбейе келе қоғамдық пікірге ұласатынын ескерсек, судья өз қызметінде риторика өнерінің қарапайым талаптарын меңгеруге міндетті болмақ екен. Осы салада Жоғарғы Сот басшылығының жоғарыда аталған «Шұғыл жеңістер» бағдарламасы

жағталып қалды. Олар айтады: «Қазы болу өзін-өзі мақтамен бауыздағанмен бірдей, себебі, адамдардың айтқанын істесең – Алланың ашуына қаласың, ал Алланың айтқанын істесең – адамдардың ашуына қаласың». Жаратушының қазыға ашуланатын екі себебі бар екен: 1) білімсіз бола тұра сұранып қазы болу және білімсіздіктен теріс үкім айту; 2) білімі бола тұра, біреудің ықпалымен қасақана теріс үкім айту. Жаратушының қазыға разы болу себебі – қазы болуға мәжбүрленген кезде әділдіктен үкім шығару екен. Тиісінше, Жаратушы ашуының салдары – тозақ, разылығы – жәннат екен. Бұл ішкі түйсікпен қабылданатын рухани жауапкершілік.

Сонымен қатар, қоғам алдындағы жауапкершілігіміз бар. Әл-Фараби бабамыз «Қайырлы қала тұрғындары» трактатында қайырлы қоғамды абсолютті бақытқа жеткізетін басты құндылық – әділдік» дейді. Кезінде дүркіреп тұрған әрбір империяның түбіне жеткен бір-ақ нәрсе – әділдіктің ақсауы. Яғни, әділетсіз қоғамның байлары қылмыс жасаса – олар жазаланбайды немесе жазаның ең жеңіл түрі қолданылады. Ал кедейлері қылмысты болса – жазаның ең ауыр түрі қолданылады. Содан қоғамда алауыздық туып, ондай қоғам түбінде құрдымға кетеді екен.

Алауыздықтың қандай салдарға әкелетінін кешегі қаңтарда көрдік. Сондықтан құдайдан қорқып, адамнан ұялып, заңды құрметтеп, әділдік туын

биік көтеріп қызмет ету – басты қағидамыз.

– Сізге ерік берілсе, Конституцияға қандай өзгеріс енгізер едіңіз?

– «Құлақ асқыш мемлекет» қағида-тың тереңдету мақсатында Конституцияның 61-бабына толықтыру енгізуді ұсынар едім. Аталған бапқа сәйкес заң шығару бастама құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі. Демек, заң шығару туралы бастама көтеру мемлекеттің атқарушы және заң шығарушы билік тармақтарына берілген де, сот билігі осы құқықтан мақұрым қалған. Заңды қолданып, оның қайшылығы мен кем-кегінің күнделікті өз көзімен көріп, зерттеп-зерделеп, елеп-екшеп отырған сот билігінің осы заң бастама-сы құқығынан қалыс қалуы – біріншіден, мемлекеттік биліктің үш тармағы арасындағы тепе-теңдік қағидатына кереғар болса, екіншіден, ұлттық заңнаманы жетілдіру жұмысына жедел және жоғары кәсіби деңгейде үлес қоса алатын бірден-бір билікті саланың әлеуеті, зор мүмкіндігі пайдаланылмай отырғанына «әттеген-ай» деп ішім ашиды.

Келесі ойым – сот билігіне халықтың сенімін арттырудың бірден-бір жолы ретінде судьяларды сайлау жүйесіне көшіру туралы ұсыныс айтар едім. Бұл халықтық демократияға жасалған батыл қадам, әрі халықтың сот билігіне деген сенімін арттыру құралы болар еді. Қазір болмаса да әйтеуір бір кезде бұған да келеміз деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге үлкен рақмет.

Сұхбаттасқан
Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

СОТ САЛАСЫНА ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТ АУҚЫМДЫ

Қыркүйектің алғашқы күнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті жолдауын жолдады. Құжатта: «Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына көпіндік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады» деп, алдағы атқарылар ауқымды жұмыстарды атап көрсетті.

Президент жолдауының «Заң және тәртіп» деген арнайы бөлімінде «Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет. Осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керек. Қазылар жоғары билікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн» деді. Мемлекет басшысы судьялар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керектігін қатаң тапсырды. Бұл шынында судьялар тәуеліз деген

қағидаға қайшы. Сондықтан алдағы уақытта бұл мәселені талапқа сай шешудің құқықтық негізі жасалуы керек.

Президент назарын аударған келесі түйткіл судьяларды сыртқы ықпалдан қорғауға бағытталды. «Күшті құрылымдар сотқа ықпал етпеуге тиіс. Бұл – өте маңызды. Судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрі жойылуы керек. Судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттырамыз. Судьяның өрескел кәсіби жіберген

және күшін жойған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруге тиіс» деп, соттардың тәуелсіздігі мен мәртебесіне ерекше тоқталды. Бұдан әрі Мемлекет басшысы: «Апелляция институтын реформалау қажет. Істер бірінші сатыдағы сотқа қайтарылмай, нақты мән-маңызы бойынша шешім шығарылуы керек.

Сонымен бірге, әкімшілік әділеттің қолданылу аясын да кеңейту қажеттігін ескертті. Өйткені, әкімшілік құқық бұзушылықтардың ауқымды бөлігінің және мемлекеттік органдармен арадағы азаматтық-құқықтық даулардың Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен реттелуі отандық сот төрелігін барынша ізгілендіріп, әділдікке бастайтыны күмәнсіз. Аудандық және облыстық соттар деңгейіндегі сот төрелігінің қолжетімді болу мәселесі алдағы уақытта түбегейлі шешімін таппақ.

Жолдауда қарапайым еңбек адамдарының,

қатардағы зейнеткерлердің, мемлекеттік қызметкерлер мен білім, ғылым, өнер, әдебиет саласындағы еңбек етіп жүрген ел азаматтарының, құқық қорғау органдары мен денсаулық сақтау, білім саласы қызметкерлерінің міндеттерін, олардың қызметіндегі өзгерістер мен жаңалықтарды атап көрсетті.

Қарапайым судья ретінде Мемлекет басшысының бастамаларын толық қолдай отырып, оның ел көңілінен шығарына сенімдімін. Біздер Атырау облысының судьялар қауымдастығы жолдауда айтылған әрбір қағидаға бастылыққа ала отырып, оның іскерлікпен жүзеге асуына бар күш-жігерімізді жұмылдыратын боламыз.

Гүлнәз САЛЫҚОВА,
Атырау облысы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

КЕЛБЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елдегі ұжымдасу кезінде ұжым-шарға (колхозға) кіреді. Әкесі 1934 жылы дүниеден қайтады. Шешесі үй тірлігінен ұзап шықпаған кісі. Отағасының қазасынан кейін көп ұзамай, 1936 жылы өмірден өтеді.

Мырзақадырдың бір ағасы, екі інісі және қарындасы болады, яғни, бес ағайынды. Үлкен ағасы Мырзабай – Ұлы Отан соғысынан 1944 жылы мүгедек болып оралады. Екі інісі соғыс алдында әскер қатарына шақырылады да содан хабарсыз кетеді. Қарындасы ұжымшарда жұмыс істеді.

М.Нұрбаев 1930 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облысында Қызылқұм аудандық тұтынушылар одағының есепшісі, аудандық бақылау комиссиясының, аудандық жұмысшы-шаруа инспекциясының хатшысы болып істеді. 1933–1934 жылдары азаматтық борышын өтейді. Әскерден оралған соң Мақтаарал ауданындағы сол кезде КСРО Қорғаныс министрлігіне қарасты «Жауап» кеңшарында жұмысшылар комитетінің төрағасы, аудандық прокуратурада тергеуші қызметтерін атқарады. Одан кейін аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі, атқару комитеті төрағасының орынбасары, Иіржар МТС директорының орынбасары болады.

Тұңғыш Әділет министрі

Жастайынан оқуға зерек, ширак болған ол өз білімімен 1937 жылы Алматы қаласына Қазақ КСР Заң Халық Комиссариатының үш айлық заң курсына оқиды. Үздік студент Мәскеудегі Бүкілодақтық Заң академиясына білімін жетілдіруге жіберіледі. Терең білімінің арқасында оны Мәскеуге КСРО ПХК қызметкері етіп алып қалады. 1939 жылы ВКП (б) қатарына кіреді. 1940 жылдан бастап Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариатының органдарында басшы қызметтер атқарады. 1941 жылы мамыр айында ол Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төрағалығына бекітілді. Ал, 1943–1946 жылдары Юстиция халық комиссары, 1946 жылы комиссариат Юстиция министрілігі болып қайта құрылған соң 1952 жылға дейін министр болды. Демек, Мырзақадыр Нұрбаев Қазақ КСР-нің тұңғыш Әділет министрі.

Бұл жылдары ол соғыстан кейінгі құлдыраған халық шаруашылығын қалпына келтіруге аянбай еңбек етті. Бейбіт жағдайға көшу барысында құқық қорғау органдарының қызметін қайта құру, соңғар жағдайында қолданылған кейбір заңдардың күшін жою міндеті тұрды. Алғашқы амнистиялар жарияланды. 1947 жылдың 26 мамырында өлім жазасы тоқтатылды. Бұл заңда М.Нұрбаевтың еңбегі зор болды.

Әділет органдарындағы жемісті еңбегі мен соғыс жағдайында мемлекет мүддесін үздік қорғағаны үшін СССР Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен «Еңбек Қызыл Ту», Қазақ КСР-нің 25 жылдығына орай, «Құрмет белгісі» ордендерімен, содан кейін «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен марапатталды. М.Нұрбаев қайда жүрсе де, қандай қызмет атқарса да елден қол үзбейді. Үнемі келіп, жұртшылықтың жағдайымен танысып, өзінің қамқорлығын танытып отырады.

Өкінішке қарай, төраға, министр қызметтерін атқарған тұлға жайлы деректер орталық мұрағатта жоқтың қасы. Мұрағаттан әбден тозғаты жеткен кішкентай суретімен қызметтік парақшасын, өмірбаянын және жұмысына байланысты бұйрықтар мен қаулыларды ғана көруге болады. Кім білсін, бәлкім, бұған бір замандарда дүйім елді аузына қаратқан ақиық азаматтың жазықсыз партиядан шығарылып, билік лауазымынан айырылуының да әсері болған шығар.

1943 жылы Қазақстанның тоғыз облысындағы халық соттарының жұмысы тексеріліп, қорытындыланғанда атқарылған жұмыстары жоғары бағаланып, Қазақстанның бір топ сот қызметкері Кеңес Одағының орден, медалдарымен марапатталады. Әрине, бұл сол кезде төрағалық қызмет атқарған М.Нұрбаевтың ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетінің нәтижесі еді.

Майданнан кейінгі қарымды қызмет

Соғыстан кейінгі ең өзекті мәселенің бірі – майданнан қайтпай қалған

ТАҒДЫРЫ ҚИЫН ТҰЛҒА



сы Ә.Әбішев: «М.Нұрбаев елдің нарқасқа азаматы еді ғой. Бірнеше рет кездесіп, жақсы күндерді бірге өткіздік. Ол күндер естен шықпайды» десе, Мырзаашөл ауданында көп жылдар бойы аудан басшысы болған Бегім Серіковтың анасы Мырзақадырдың ұлы Арыстанның әйелі Әйнекке былай деген көрінеді: «Баяғы Мырзакеңнің келіні екенсің ғой. Сенің атаң біздей байғұстарға қиын заманда қолұшын беріп еді. Қарызынан қайтып құтыла-

заңгер мамандар орнын толықтыру болды. Осы себепті, М.Нұрбаев жаңа кадрлардың тезірек жетілуіне айрықша көңіл бөлді. Министр Алматыдағы Заң институтына талапкерлердің қабылдануын тікелей назарында ұстайды. Шет аймақтарда оқып жүрген болашақ заңгерлерді қамқорлыққа алады. Ташкенттегі заң факультетін бітірушілерге арнайы барып, оларға өз қолымен жолдама беріп, жас мамандарды Қазақстанның сот, прокуратура органдарына қызметке шақырады. Оның бұл еңбегі оң бағаланып, Алматы Заң институтының директоры, доцент А.Агеев 1948 жылғы наурыздың 24-інде мынадай хабарлама жібереді: «ҚазКСР Юстиция министрі жолдас М.Нұрбаевқа Жоғары Заң оқу орындары бас басқармасының осы жылдың 12 наурызындағы «Алматы мемлекеттік Заң институтының Кеңесін бекіту туралы» №13/ю-20-01 бұйрығымен Сіздің Алматы Заң институты Кеңесінің мүшесі болып бекітілгеніңізді хабарлаймын».

Заманымыздың заңгер заңгері Салық Зиманов Мәскеуден оқу бітіріп келгенінде оны ғылыммен айналысуға бағыттаған да осы кісі болған. Министр жас маманға Қазақстанның заң, құқық қорғау салаларын жетілдіруге оларды ғылыммен ұштастыру қажеттігін айтып, барынша қолдау көрсеткен. Бір өкініштісі, Нұрбаев Қазақстанның заң саласын жандандыру жолында осылай жанын салып еңбек етіп жүргендігіне қарамастан, сол заманның солақай саясатының кесірінен 1952 жылдың 14 ақпанында қызметінен босатылады.

Астанадан, басшылардан, дос-жарандардан әбден көңілі қалған азамат туған өлкеге тартып кетеді. Бірақ, ол елде қарап жатпады, келе сала жаңадан колхоз ұйымдастырып, оны басқаруды қолға алады. Бас-аяғы үш-төрт жылда колхоз көршілес шаруашылықтар арасында ең озат ұжымға айналады. Соғыс тұсында одан кейінгі өрлеу дәуірінде жауапты лауазымды қызметтер атқарған М.Нұрбаев мемлекет пен қоғам арасындағы заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз ете білді.

Жақсының аты өлмейді

Ірі қызметтен босау, айналадағы орта, достар, жолдастарды тастап, алыс колхозға кету оңай ма? М.Нұрбаев сатқын достар опасыздығына күйініп, шындықты дәлелдей алмай кетті. Бұл қапалық оның денсаулығына әсер еткені анық. Өйткені, ортасы бірден өзгерді. Десе де, М.Нұрбаев ел ішінде, қарапайым халық арасында сыйлы болды. «Адам баласын жамандамайтын, істеген жақсылығын бұлдамайтын Мырзақадыр Нұрбаев деген Заң министрі болған, жақсы адам еді» дейді қариялар.

М.Нұрбаев жөнінде айтылған естеліктер аз емес. Халық жазушы-

сыйлайтын». Не деген қарапайымдылық десеңізші?!

Тағдыр тәлкегі

Дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың «Санаторий, сәнді тау» деген өлеңін оқып, бір ой түйіп едім. Оның себебі бар. Оқиғалы өлеңде демалыс кезіндегі бір министр, үш ақынның көңілді әңгімесі, миллиард ойнағаны, министрдің ұтылып қалғаны әдемі әзілмен былайша сипатталады:

*Санаторий, сәнді тау,
Көңіл жасарқын, күн айық,
Тұр төгіліп бақша-бау,
Алдың біраз тыңайып.
Кіші ақынды шымынды,
Нән министр Нұрбаев.
Жыр мінезі әрқилы,
Жеңілдетсе жырлайық.
Соқты сағат сегізді,
Оянындар, тұр, шәй іш!
Өзің бастап жүр бізді,
Мырзақадыр Нұрбаев!*

Осы өлеңдегі Мырзақадыр есімі ертеректе Оңтүстік Қазақстан өңірінде тағдыры қиын адам ретінде көп еске алынатын. Тағдырлас, тұздас-дәмдес болған үш ақынның бірі Қасым 1951 жылы 5 қазанда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің санаторийінде жатып осы өлеңді жазғанда шалқын көңілдер су сепкендей басыларын, енді екі жылдан соң Мырзакең қиын тағдырды бастан кешерін білген жоқ, ешбіреуінің қаперіне кірген жоқ. Ал үш жарым жылдан соң Қасым ақын – қайран ақын о дүниелік боларын сезді дейсің бе?

Мырзақадыр Нұрбаев адамдық құқықтар тек қағаз жүзінде қалған, іс жүзінде адам тағдыры тәлкек етілген мемлекеттің заңды өкілі еді. Ондай мемлекетте қызмет те, қызметтегі адам да сатылатыны таңсық емес. Екі рет Жоғары Советке депутат болған, Орталық комитеттің ревкомиссиясына мүшелікке сайланған, Жоғарғы Сот төрағасы, Заң министрі болып істеген М.Нұрбаев коммунистік идеологияның белсенді орындаушысы әрі құрбаны болған. Бірақ, өзінің бөлтірігін жеп қойған қасқыр тектес мемлекеттің құрбаны екенін сезбей өтті. Бәлкім, дүниедегі жалғыз бақыты сол шығар.

Астанадағы ҚР Әділет министрлігі қабырғасында өткен ғасырдың 1920–1930 жылдардағы наркомдар суреттері ілініп қойылған. Ол жерде Мырзақадыр Нұрбаевтың жөнді портреті де жоқ екен. Жоқтаусыз, іздеушісіз қалған. Қазіргі тәуелсіз заманда елі оны ардақтап, Мырзаашөлдің төріндегі Сырдария университетін Мырзақадыр Нұрбаев атымен атаса, бюсті орнатса, көбін көтерсе, кім қой деп жатыр. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» демей ме бабаларымыз?!

Елеусіз

Мырзақадыр Нұрбаевтың отбасына келсек, әйелі Халима Елубаева Орал жақтың қызы. Ол да оқуды Мәскеуде бітіреді. Халима орысша тәрбие көрген, европа әйелдері сияқты сәнмен киінетін, отызыншы жылдардағы Мәскеу мен Алматының сұлу ақ сары бойжеткені болды. Занды біліп туған заң қызметкері Халимадан перзент сүймеді. Өзге әйелден Арыстан деген ұл көрді. Халима өмірінің соңғы кезінде Мақтаарал аупарткомында әйелдер бөлімін басқарады. Халимаға Мырзакең: «Мен сенен о дүниеде де, бұ дүниеде де ажыраспаймын. Балалар үйінен бала алайық» деп, балалар үйіне алдын ала өткізген өз баласы Арыстанды алып келеді.

Министрдің баласы болып өскен Арыстанның ішкені алдында, ішпегені артында болады. Мырзакең достары сатқындық жасап, қызметтен босап, денсаулығы бұзылып, бауыр еті баласының дертін бөлекше көріп, азаптанып, онала алмайды. М.Нұрбаев Ессенуки курортына барып, одан Мәскеуде Министрлер Советінің ауруханасында жатты. Оны асқынған ауруы алып тынды. Мырзақадыр сырттай сыр бергісі келмегенімен, іштей әбден қажып, әлсірей бастаған еді. 1961 жылдың 6 наурызында ердің жасы елуден енді

асқан шағында Мырзақадыр Нұрбаев ағасы Мырзабайдың қолында көз жұмды. Илтих аудандық «Хлопкороб» газеті сіріңкеңі бойындай орысша қазанама берді. Қазақ аудандық газеті жоқпаған да жоқ. Өмірін елінің дамуына арнаған тұлғаман халқы осылайша елеусіз қоштасты.

Артында қалған жан жары Халима сал ауруымен ауырып, қайтыс болады. Көне көздердің айтуынша, ол өткен өміріне қатты өкініп жатыпты. Арыстанның тағдыры да оңай болмады. Елге келген соң не қазақ бола алмады, не орыс бола алмады. Оның трагедиясы сондай. Өзін-өзі асып өлтірген білімді жігітті ешкім түсінген жоқ бұл өмірде.

Халима қайтыс болған соң Арыстан үйін сатып, Мырзаашөлге, Гагарин қаласына көшеді. Сонда көз жұмады. Алғашқы әйелі Күлтайдан бала болмай ажырасты. Екінші әйелі Әйнектен туған ұлдың аты – Асқар. Шыршықта әскери қызметте. Нарғиз атты өзбек қызына үйленген, бір қызы бар.

Мырзақадыр Нұрбаев дәурені жүріп тұрғанда талайды соғыстан қалдырды. Талайды оқытты. Талайға жұмыс беріп, талайды тәрбиеледі. Көбісі үмітін ақтамады. Жақсылығына қайырым жасамады. Ауырып жатқанда көңілін де сұрамады. Қайтыс болғанда бірауыз бата жасауға да жарамды.

Мәскеудегі Заң академиясын үздік бітірген соң ол қауіпсіздік комитетінде істеген. Бұл өмірбаянында көрсетілмеген. Ағасы Мырзабай ауруханаға Мәскеуге апарғанда жұмыс орындарын көрсеткен екен.

Министрдің мұрасы

Арыстанның әйелі, Мырзақадыр Нұрбаевтың келіні Әйнек Сүйіндіқызы Гагарин қаласында түтінін түтетіп отыр. Кезінде бір машина кітаппен көшіп келген министрдің заттары мен архиві осы үйде сақталып қалған. Арыстанның қызы Гүлбина бен ұлы Абай бар. Мырзакеңнің тұяғы, немересі Абайды іздеп үйіне бардым. Арғы-бергі жылдардан сыр шертер құжаттарды оқыдым. Министрдің қолданған портфелі де тұр екен. Ұстап көрдім. Сөйтіп, Мырзаашөлдің әйгілі азаматы мемлекет және қоғам қайраткері болған Мырзақадыр Нұрбаев туралы зерттеу еңбек жазып, оны кейінгі ұрпаққа өнеге етудің маңызы зор екенін ұғына түстім. Себебі, осындай асыл азамат өмірден өтіп кеткенімен, артында өнегесі қалды.

Қазақстанның тұңғыш Заң министрінің өнегелі өмірін зерттеп, өзіне тиесілі сый-құрметін қайтару бүгінгі ұрпаққа парыз әрі сын дей отырып, осы жерде халқымыздың айтулы азаматы, қоғам қайраткері, жазушы, ғалым ағамыз Мырзагелді Кемелдің бұдан алты жыл бұрын жазған «Өтіп кеткен ерлеріміз ұмыт қалмасын» естелігін үзінді келтіргім келеді. Ол кісі жазбасында «...1937-нің зұлматы кезінде 20 мың адам атылды дейміз, сонда олардың бәрі үкіметке қарсы адамдар емес шығар. Кеңес үкіметіне беріле қызмет еткен, өмірін сол қоғамға арнаған адамдар да бар болар деген ойды қуып, алдымен сол жылдардағы құқық қорғау органдары жазбаларының халі қалай болды екен деп зерттей бастадым. Қазақ автономиясы құрылғалы елімізде 25 Әділет халық комиссары, 28 Жоғарғы Сот төрағасы болған екен. 1938 жылдың соңына дейін солардың 11-і атылып немесе түрмеге тоғытылыпты» деген жазушы, өзінің М.Нұрбаевты қалай көргенін, ол кісі көз жұмғанда 14 жаста болғанын жазады.

Сонымен қатар, ғалым ҚР Жоғарғы Соты мен Әділет министрлігінің сайтарында, т.б. жазбаларында М.Нұрбаев туралы мәліметтерде өрескел қателіктері барын айтады. Әрине, бұл өз кезегінде аталған мекемелерге сын болмақ. Сондықтан, ел есін жиып, әркім өзі білетін жақсылары туралы елге жария етіп жатқан осынау бір тұста өткенімізді тағы бір түгендеп, ұмыт қалған асыл азаматтарымыз жайлы мәліметтер мен суреттерін тауып, бүгінгі ұрпаққа паш етсек, бейнелерін өздері іргетасын қалаған мекемелер қабырғаларына іліп қойса, олар жайлы зерттеу жұмыстары жазылса, еңбектері насихатталса, бұқара халыққа үлгі боларлық іске айналар еді.

Қарапайым ауылдан шығып, Мәскеудегі Бүкілодақтық Заң академиясын үздік бітірген М.Нұрбаевтың артында өшпес өнегесі қалды. Отыз жасында орда бұзыып, қырық жасында қамал алды. Артында қалған елі қандай құрмет жасаса да жарасады.

Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ИГИС

ҚР ИІМ Есболатов атындағы Алматы академиясында Ахмет Байтұрсынов атында зал мен цифрлық кітапхана ашылды. Ашылу салтанатына Алматы қаласы ПД бастығы, полиция генерал-майоры Арыстанғани Заппаров, ИІМ ардагері, полиция генерал-майоры Жан Кенжетәев, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының вице-президенті Анар Фазылжан және оқу орнының басшылығы мен тыңдаушылары қатысты.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНА ҚҰРМЕТ



анттар мен магистранттар, бастапқы даярлық курстарының тыңдаушылары білім алады. Сондай-ақ, ішкі істер органдарының қызметкерлері үнемі біліктілікті арттыру курстарынан өтіп отырады.

Академияда «Мобильді академия» жобасы іске асырылуда және қашықтан оқыту нысаны кеңінен енгізілуде. Арыс-

танғани Заппаров атап өткендей, цифрлық кітапхана полиция қызметкерлері үшін әдебиетке жол ашып, практикалық қызмет барысында да жақсы көмек болады.

Кітапхананың электрондық форматын оқырмандар аясында кеңейтеді. Оқу орнында арнайы және жалпы әдебиет кітапханасы, яғни екі кітапхана қоры бар. Жалпы қор 300 мыңнан астам кітапты құрайды. Академияда оқырмандардың қызығушылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Кітап клубы ұйымдастырылып, оған қатысушылар оқыған шығармалары туралы пікірлерімен бөліседі. Сонымен қатар, академия қызметкерлері де кітап қорын толықтыруда.

Динара САҒЫНДЫҚОВА
Фото авторы
Лилия САНДЫБАЕВА

Іс-шараға қатысушылар Ұлт ұстазының ағартушылық ролін айта келе, «Baitursynov Library»-дің ашылуы Ахмет Байтұрсыновтың мерейтойына орайластырылғанын атап өтті.

Академияның цифрлық кітапхана қоры ғылыми және оқу басылымдарымен, әдістемелік құралдармен және көркем кітаптармен толықтырылған. «Электронды кітапханаға келушілер қолда бар библиографиялық акпараттардың көмегімен қажетті дереккөздерді жедел таба алады. Мұндай формат білім алушылардың барлық санаттары үшін, соның ішінде қашықтан білім алушылар үшін де өте қолайлы», – деді академия бастығы полиция полковнигі Айдар Сайтбеков.

Оқу орнында жоғары және орта басшы құрамдарды даярлау факультеттерінің тыңдаушылары, доктор-



ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

ЖАҚЫНДАРЫ – ЖӘРДЕМШІ

Сотталғандар мен жақындарының кездесуі кесілген жазаға байланысты. Мәселен, бір жылдың ішінде сотталған азаматпен қысқа мерзімге – 2 сағатқа және ұзақ уақытқа – 2 күнге кездесуге рұқсат алуға болады.



Жақынымен жүздесіп, сағынышын басуды төрт қабырғаға қамалып отыратын жазасын өтеуші әр жанның тағатсыздана күтетіні анық. Сондай жанның бірі С. есімді азамат. ҚР ҚК-тің 174-бабы бойынша сотталған. Жаза мерзімінің соңғы бөлігін осы Қызылордадағы Қылмыстық-атқару жүйесіне қарасты № 68 мемлекеттік мекемесінде (тергеу изоляторы) өтеуде. Білімі жоғары. Египетте оқып, діни білім алған. Бірақ, сол алған білімін дұрыс жүзеге асырмады. Адасты. Санасы теріс бағыттағы діни насихатпен тұманданған ер азамат бүгінде сол кездегі діни көзқарастарынан мүлдем арылған. Бұл әрине, тәрбие бөлімі қызметкерлерінің соның ішінде теологтардың үздіксіз жүргізген ерен еңбегінің нәтижесі.

– Тергеу изоляторында жазамды өтеп жатқаным екі жылдан асты. Осы жылдар аралығында мекеме қызметкерлерінің ұйымдастырған әртүрлі іс-шараларына қатысып, теологтар мен мешіт имамдарының дәрістерін тыңдап, қателіктерімді түсіндім. Бұл сынақ менің отбасым үшін өте ауыр болды. Өмірлік серігім мен төрт перзентім мені қолдап, кездесуге келіп тұрады. Бүгін міне, мындаған шақырымды артқа тастап, Ақтөбеден әйелім мен

кіші ұлым ұзақ мерзімді кездесуге келіп отыр. Ұлымды көріп, көңілім көтеріліп қалды. Енді екі күн әйеліммен шүйіркелесіп, әңгімелесіп, іштегі мұң-шерімді босатамын. Бұйырғанда бостандыққа шығуыма 6 ай қалды. Бұл мекемеге әйелім кездесуге осымен екінші рет келіп отыр. Кездесуге рұқсат берген мекеме басшылығы мен ұйымдастырушы қызметкерлерге алғыс білдіремін. Әйелімнің айтуы бойынша, үлкен ұлым полиция қызметкері боламын деп жүр екен. 7 жыл қамауда болып, білімі мен тәрбиесіне көңіл бөле алмадым. Ал, екі күн бауырыма басып жатқан кіші ұлымның бостандыққа шыққан соң, сабағын өзін оқытамын. Ұлықты ұл етіп тәрбиелегім келеді – деп, ізгі мақсаттағы ойларын жеткізді сотталған азамат.

«Мұндай, экстремизм-терроризм баптары бойынша сотталған азаматтарды оң бағытта өзгерту өте қиын. Ол үшін біз көп еңбек етеміз. Сотталғандар жақындарымен жүздескен соң, жан тыныштығын табады. Мінез-құлқы өзгеріп, көтеріңкі көңіл-күйде болады, – дейді АКАӨПТЖБ-нің бастығы, әділет капитаны А.Тұрманов.

Раушан НАРБЕКОВА

ТАҒЫМ

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ

Қазақ халқының аңсап жеткен азаттығы мен тегеурінді тәуелсіздігі туған тілімізді өз тұғырына қондырды. Осы жолда қаншама тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Сөйтіп, елім, тілім деп күрес майданына шыққан көптеген асыл азаматтардың зор қажыр-қайратының арқасында, қазақтың қара қылды қақ жарған қайсар тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып, еңсесін тіктеді.

Осындайда Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы, тіл білімінің атасы атанған Ахмет Байтұрсынұлының: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деген дара даналығында қаншама мән бар десеңізші?!

Ендеше, қазақ тілінде іс қағаздарын дұрыс жүргізіп, әртүрлі құжаттарды сауатты жазу – ел мәдениетінің ғана емес, сонымен қатар өркениетті қоғам мен мықты деген мемлекеттің де жалпы даму деңгейінің көрнекті көрсеткіші екендігі анық.

Әрине, ұлт маңдайына біткен ұлы тұлға, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы Ахмет Байтұрсынұлының туған тіліне деген құрметі жоғары болды. Ол туған тілін бәрінен биік қойды. Оның тіл туралы тағлымдарын тыңдай отырып, өз ұлтына, тіліне деген шексіз жаныштығына қайран қаласың. Соның бір айғағындай мына бір сөзінде таудай тағлым бар екендігі сөзсіз:

«Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпаудың қамын ойлағандай, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керекпіз». Демек, мұны біз тек ұран сөз ретінде қолданбай, іс жүзінде жүзеге асуына ат салысуымыз қажет.

Биыл өмірі аңызға, шығармашылығы үлкен маңызға ие болған Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы аталып өтілуде. Ахмет Байтұрсынұлы (1873–1938) – қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі. Қоғам қайраткері, ақын, педагог, публицист, түркітанушы, ағартушы, аудармашы, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы.

1910 жылдары А. Байтұрсынұлы қазақ облыстарынан тысқары жер аудару жөнінде шешім қабылданды. Осы шешімге сәйкес, ол 1910–1917 жылдары Орынборда тұрды. 1913–1918 жылдары тұңғыш жалпы ұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Бүкіл қазақ жұрты «Қазақ» газетін оқып, оны мен солын тани бастады, жана

қалыптасып келе жатқан ұлт зиялыларының саяси санасы осы басылым арқылы жетілді. А. Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің ауыр халін тұспалдап жеткізді. Ол мысал жанры арқылы халықтың саяси санасын оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты бейнеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеясы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды.

Ол туралы ақын Мұхтар Әуезов: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны – «Қырық мысал», «Маса»; «Қазақ» газеті мен қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» деген екен.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне, қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтары да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады.

Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады. Арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады. Қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп 24 таңбадан тұратын өзі «Қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынұлы жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Ұлт ұстазы туралы деректерді бір ғана мақаланың көлеміне сыйғызу мүмкін емес. Бұл тек А.Байтұрсынұлының қасиетті қазақ тілі туралы қағидалары мен тіл құралының жасалуы жолындағы өлшеусіз еңбектерін ғана жеткізе білгеніміз.

Сайып келгенде, қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Қызылқоға ауданы да, Ұлт ұстазының қазақ тілі туралы айтқан даналықтары мен қағидаларын берік ұстанып, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыру жолында айтарлықтай игі істер атқарып келеді.

Б.АБДУАЛИЕВА,
Қызылқоға аудандық сотының бас маманы
АТҒАРАУ ОБЛЫСЫ

БАСТАМА



Пробациядағылар мамандық меңгеруде

Жанакорған аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ қолдауымен, «Жастар одақтары» ҚБ-нің ұйымдастыруымен ауданның жұмыссыз жастары мен пробация бақылауындағы жастарға өмірге қажетті дағдыларды үйрету мақсатында қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды. Курс аясында жастарға бүгінгі күні нарықта үлкен маңызға ие болып табылатын СММ дағдылары, Таргет, Мобилография бойынша кең көлемді акпараттар берілді.

«Курстан көптеген мағұлмат алдым. Өзім әлеуметтік желілермен жақсы жұмыс жасайтын едім. Мамандар жалпы парақшаларды қалай басқару керектігін, қалай қолдануды фото-видео контент, пост жазу, сторис жасауды үйретті. Ешқандай қиындығы жоқ, телефон мен интернет болса жеткілікті. Мобилографияны да меңгере бастадым. Телефонмен сапалы бейне түсіріп, бизнес орындарына жарнама жасау арқылы қаражат табуға болады екен. Бүгінгі курсты ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз», – деді есептегі азамат.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД

ПАЙЫМ

ӘДЕП КОДЕКСІ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ АЙНАСЫ

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының жүзеге асыру аясында мемлекеттік қызметшілердің жаңа Әдеп кодексі қабылданғаны мәлім. Соның аясында этикалық нормаларды бұзғандықтан және жемқорлық құбылыстар туындататын жағдайдың алдын алу бойынша шаралар қарастырылды. Кодекс мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ, олардың мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді және халықтың мемлекеттік органға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Құжатта мемлекеттік қызметшілер ұстануы тиіс мінез-құлықтың жалпы стандарттары мен қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары бекітілген.

Жалпы, стандарттарға: мемлекеттік қызметшілердің өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығын, әділдігін және ашықтығын қамтамасыз ету, жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау, іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау жатады. Яғни, мемлекеттік қызметшілер өз сөзінде сыпайлық пен әдептілікті ұста-

нуы қажет. Бұл сапалы жұмысқа байланысты болғандықтан жұмыс сапасын көтеру қашан да өзекті.

Мемлекеттік қызметші өзінің әдепсіз мінез-құлқы мемлекеттік аппаратқа деген сенімді төмендететінін түсіне отырып, оған жүгінген азаматтардың әрбір мәселесіне ұқыпты қарап, шешім қабылдау барысында заңдылығын және әділдігін қамтамасыз етуі қажет.

Жалпы, кодекс мемлекеттік қызметшілердің мәдениетіне ғана емес, сондай-ақ, қызметтік міндеттерді орындау мәдениетіне де талаптар қойды. Бұл нені білдіреді?

Қазіргі таңда барлық өңірлерде Әдеп жөніндегі кеңестер жұмыс жасайды. Олар өз кезегінде мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормасын сақтауын қадағалап, сонымен қатар мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг жасайды. Соған орай профилактикаға сүйене отырып жұмыс нәтижелерін қарайды.

Стандарттың екінші түрі ол – арнайы стандарттар. Олар қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы, әріптестер арасындағы қызметтік қатынастарын,



Ғ.АРТЫМХАНОВА,
Түркістан облыстық
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының кеңсе меңгерушісі

көпшілік алдында сөйлеуімен байланыстыра отырып зерделейді. Яғни, мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Дегенмен, бұл талаптар кейбір мемлекеттік қызметшілер тарапынан сақталмайды.

Сондай-ақ, жаңа заңнамаға сәйкес осы жылдан бастап Әдеп жөніндегі уәкіл институты енгізілді. Әдеп жөніндегі уәкіл қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамамен Әдеп кодексінің бұзушылықтарының профилактикасын жүзеге асыратын, өз функцияларын шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация береді.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

Адам өміріне араша түсетін дәрігерлікті таңдау – үлкен жауапкершілік. Себебі, дәрігер адам анатомиясын өте терең білуімен қатар, кез келген жағдайдағы наукастан жиіркенбейтін, қаннан қорықпайтын, адам тағдырына немқұрайлы қарамайтын, күйзеліске төзімді, жүйкесі мықты жан болуы керек. Осындай игі қасиеттерді бойына жинақтаған өнегелі жанның бірі – Алматы қаласы ҚАЖД қарасты №11 мекемесінде (жасөспірімдер колониясында) емдеу бөлімінің дәрігері Сеилхан Таласбаев.

2007 жылы Қазақ Ұлттық Медициналық университетінің «Эпидемиолог-гигиенист» факультетін бітіріп дәрігер мамандығын алған. ҚАЖД департаментіне қарасты ЛА-155/18 және ЛА-155/6 мекемелерінде 2008–2022 жылдары санитар-эпидемиолог дәрігер лауазымын атқарады.

Таласбаев Сеилхан 08.03.1984 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Алматы қаласы 2007 жылы Қазақ Ұлттық Медициналық университетінің «Эпидемиолог-гигиенист» дәрігер мамандығын алған. Еңбек жолын өз таңдауымен қылмыстық атқару жүйесінде ақ халатты абзал дәрігер ретінде үлкен жауапкершілікпен атқарған ол спорттан да құралақан емес. Осы қызмет істеу барысында еңбегі бағаланып, Қазақстан полициясының 30-жылдық мерекесіне орай кеуде белгісін марапатталған. Осындай өз маманының жанашыры болған білікті дәрігерлер жастарға дұрыс бағыт беріп, еңбек тәжірибесімен бөлісіп, жол көрсететіні қуанғанды.

Мекемеде қазіргі таңда 11-дәрігер медбике, ақ халатты абзал жандар жұмыс жасайды. Таласбаев Сеилхан «Медицина бөлімінің қызметкерлері сотталғандарға тұрақты негізде медициналық көмек көрсетіп, сонымен қатар жылына 4 рет жоспарлы түрде сотталғандарды профилактикалық тексеруден өткізіп тұрады. Алматы қаласын-



дағы №5 қалалық емханасымен тығыз байланыста жұмыс жасап, профилактикалық тексеру жүргізу кезінде арнайы мамандар лор, хирург, невропатолог, терапевт, окулист шақыртылады.

Мекемедегі сотталғандар арасында коронавирустық инфекцияның алдын алу мақсатында COVID-19 індетіне қарсы екпе егу бойынша Алматы қаласындағы аумақтық №5 қалалық емханадан дәрігерлер мен медбикелер келіп, 18-жасқа толған жазасын өтеуші жасөспірімдерге екпе жұмыстар жүргізілді. Созылмалы ауруы барлар анықталса, медицина бөлімінің қызметкерлері оларды үнемі қадағалап, уақытылы дәрі-дәрмектер беріп, қажет болған жағдайда Алматы қалалық ауруханасына арнайы маман дәрігерлердің кеңесін алуға шақырады.

Қазіргі таңда Сеилхан Темірханұлы үлгілі әке ғана емес, жақындарының жанашыры. Достарының арқа сүйері. Мұндай білікті мамандарға деген халықтың пікірі бағалы.

Е.ЖЕҢІСХАН,
Алматы қаласы №11 мекеме

ӨРТҮРЛІ

4. «Қазода» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестігі) (БСН 080740006424) заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Шығыс өнеркәсіптік аймағы, 65-құрылыс, пошта индексі 140000), осымен өз кредиторларына 2022 жылдың 24 тамызында Серіктестіктің жалғыз қатысушысы «Қазода» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін тарату туралы шешім қабылдағанын хабарлайды.

Кредиторлардың талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жері бойынша (жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша) ұсынылуы мүмкін.

БАНКРОТТЫҚ

17. Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі ұйғарымымен «Уразбаева К.Е.» ЖК, ИИН 640210400457, қатысты банкрот деп таңу туралы азаматтық іс қозғалды. Нақты мекенжайы: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Қорғалжын шоссесі, 23, НП-2.

ТАРАТУ

- «Верон ЛТЛ» ЖШС, БСН 011040023200, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 110000, Қостанай қаласы, өңтүстік өндірістік аймақ.
- «AQJOL SHELL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210640036253, заңды мекенжайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Әлшекей Бектібаев көшесі, 126 үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Әлшекей Бектібаев көшесі, 126 үй. Тел.: 87783711778, 87477269432.
- «AQJOL SHINA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210640036283, заңды мекенжайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Әлшекей Бектібаев көшесі, 126 үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Әлшекей Бектібаев көшесі, 126 үй. Тел.: 87783711778, 87477269432.
- «AQJOL MARKET» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210640027284, заңды мекенжайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Манап Көкенов көшесі, 88А үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Манап Көкенов көшесі, 88А үй. Тел.: 87783711778, 87477269432.
- «AQJOL ORDA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 211240000141, заңды мекенжайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Манап Көкенов көшесі, 30/1 үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Әлшекей Бектібаев көшесі, 126 үй. Тел.: 87783711778, 87477269432.

- «AQJOL CITY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 211240000151, заңды мекенжайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Манап Көкенов көшесі, 30/1 үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Әлшекей Бектібаев көшесі, 126 үй. Тел.: 87783711778, 87477269432.
- «AQJOL STROY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210640035919, заңды мекенжайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Әлшекей Бектібаев көшесі, 126 үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Әлшекей Бектібаев көшесі, 126 үй. Тел.: 87783711778, 87477269432.
- «КонЕТ и К» ЖШС, БСН 200840027428, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Полежаев көшесі, 92А үй, 309 кеңсе. Тел.: 87479580646.
- «Jewelry Brand» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210640036243, заңды мекенжайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Әлшекей Бектібаев көшесі, 126 үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Әлшекей Бектібаев көшесі, 126 үй. Тел.: 87783711778, 87477269432.
- «Алау Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 111240007415 (заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 2 ықшамауданы, 16 үй, 43 пәтер), жалғыз қатысушының 2022 жылғы 7 қыркүйектегі №22/2 шешімі негізінде микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға 2021 жылғы 30 наурыздағы №02.21.0059.L. лицензияның қолданысын ерікті түрде тоқтататыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Прокофьев көшесі, 89А/ Төле би көшесі, 270 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87077264460.
- «Әлім Сексен» ЖШС 2011 жылы 22 қараша серия В №0317885 тіркеу куәлігі берілген, БСН 111140014771, өзінің жабылатыны туралы хабарлайды. Барлық тараптар 2 ай мерзім ішінде 87788065242 телефонына хабарласуға болады.
- «Premier Auto Group» ЖШС, БСН 140440001882, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Мұстафин көшесі, 21/7 үй, 27 пәтер, тел.: 87770783154.
- «АВ Energy» ЖШС (БСН 161240005468) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 7 үй, 219 пәтер, телефон: 3115182.
- «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Ерофеевка ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 011040002812) Ақмола облысы әкімдігінің 15.08.2022 жылғы № А-8/387 қаулысы бойынша жабылатындығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ерофеевка ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, 19, байланыс телефондары: 8 (71638) 24896, 87056466052.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!
Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»
жеке тұлғалар үшін – 65921,
ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕҢГЕ
ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921
ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕҢГЕ
ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

Ақтөбе облыстық сотының басшылығы, Соттар әкімшісі мен Судьялар одағының Ақтөбе облысы бойынша филиалы Маңғыстау облыстық сотының судьясы Нұрсала Маханбетұлы Примашевқа анасы **Роза Башиевна Примашеваның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтөбе облысының судьялар қауымдастығы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Ұлбосын Аждарқызы Сүлейменоваға және туысқандарына анасы **Үміт Әлиқызы Сүлейменованың** өмірден озуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 759-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87054422939.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

